

**«City Transportation Systems» ЖШС
Басқармасы төрағасының
2023 жылғы «_____»
№ _____ бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ**

**«City Transportation Systems» ЖШС жылжымайтын мүлкін
мүліктік жалға (жалдауға) беру жөніндегі конкурстың
КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМАСЫ**

**Конкурсты ұйымдастырушы: «City Transportation Systems» ЖШС
Тұрақ кеңістіктерін басқару департаменті**

**Занды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қ.,
Бейбітшілік көшесі, 9, 2-қабат**

**Конкурстық комиссияның хатшысы: Темірханова Г.Т.
Байланыс телефоны: +7 (707) 499 98 97
E-mail: G.Temirkhanova@cts.gov.kz**

Астана қ., 2023 жыл

1. Ашық конкурс (бұдан әрі – Конкурс) өткізу арқылы мұліктік жалдауға берілетін «City Transportation Systems» ЖШС жылжымайтын мүлкінің (бұдан әрі – Объектілер) қысқаша сипаттамасы.

№	Объектілердің атауы	Саны
1	Парковочные места в паркинге по адресу г. Астана, ул. Достық, 13, ЖК «Нурсая-2»	313 тұрақ орны
2	Парковочные места в паркинге по адресу г. Астана, пр. Р. Қошқарбаева, 43	51 тұрақ орны
3	Парковочные места в паркинге по адресу г. Астана, пр. Р. Қошқарбаева, 60	125 тұрақ орны
4	Парковочные места в паркинге по адресу г. Астана, пр. Ш. Құдайбердіұлы, 2В	143 тұрақ орны
	Барлығы:	632 тұрақ орны

* Объектілердің нысаналы мақсаты – ақылы негізде автомобилдерді тұраққа қою (тұрақ). Қолданбадағы нысандар туралы толығырақ ақпарат Конкурстық құжаттамаға № 1 қосымшада.

* Объектілер 1 лотпен мұліктік жалдауға беріледі.

2. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау мерзімі мен орны.

Өтінімдер 2023 жылғы 16 тамыз сағат 12:00-ден 2023 жылғы 24 тамыз сағат 16: 00-ге дейін Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 9, 2-қабат мекенжайы бойынша қабылданады.

3. Конкурсты өткізу күні, уақыты және орны.

Конкурсқа қатысушылардың ұсынылған өтінімдері бар конверттерді ашу 2023 жылғы 28 тамызда сағат 11:00-де Астана қ., Бейбітшілік көшесі, 9, 2 қабат, «City Transportation Systems» ЖШС кеңесі мекенжайы бойынша өтеді.

4. Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

Конкурстық құжаттамаға № 2 қосымшада сәйкес нысан бойынша толтырылған өтінім және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес құжаттар.

5. Конкурсқа қатысуға өтінімді және оған қоса берілетін құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар:

Конкурсқа қатысушы ретінде тіркелу үшін конкурсты үйымдастырушыға уәкілетті өкіл қол қойған конкурстық құжаттамада белгіленген нысан бойынша хабарландыруда көрсетілген мекенжай бойынша конкурсқа қатысуға өтінім жіберу қажет.

Конкурсқа қатысушының өтінімінде конкурсқа қатысушының конкурстық құжаттамада көрсетілген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттардың көшірмелері болуға тиіс.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Өтінімді және құжаттардың көшірмелерін конкурсты ұйымдастыруши конкурсқа қатысушының мөрімен бекітілген мөрленген конвертте қабылдайды (бар болса).

Өтінім мен құжаттар нөмірленуі, тігілуі, конкурсқа қатысушының мөрімен бекітілуі (бар болса) және уәкілдегі тұлға қол қоюы тиіс.

Конкурсқа қатысуға өтінім және оған қоса берілетін, конкурстың құжаттамада және «City Transportation Systems» ЖШС жылжымайтын мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларында көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін құжаттар ашылған кезде қабылданбауға жатады және конкурсқа қатыспайды.

6. Конкурсты өткізу шарттары мен тәртібі.

Конкурсты өткізу шарттары мен тәртібі «City Transportation Systems"» ЖШС жылжымайтын мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларымен және осы конкурстың құжаттамамен регламенттелген, олармен «City Transportation Systems» ЖШС интернет-ресурсында танысуға болады.

7. Мүліктік жалдау (жалға алу) мерзімі:

Объектілерді жалдау мерзімі Тараптар объектілерді қабылдау-беру актісіне қол қойған күннен бастап 11 (он бір) айды құрайды. Жылжымайтын мүлікті жалдау шарты бойынша өз міндеттерін тиісінше орындаған жалға алушының жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін жалдау мерзімін ұзартуға басым құқығы бар.

Жалға берушінің жылжымайтын мүлікті жалдау шартының қолданылу мерзімін ұзартуға бастамашылық жасауға құқығы бар.

8. Жалдау ақысының бастапқы бағасының мөлшері:

ҚҚС есебінсіз айына 4 204 284,20 (төрт миллион екі жүз төрт мың екі жүз сексен төрт) теңге 20 тиын.

Жалдау ақысының бастапқы бағасының мөлшері бір лоттағы Объектілер жиынтығынан қалыптасады. Конкурсқа қатысушы жалдау ақысының мөлшерлемесін бірыңғай сомамен ұсынуы тиіс, сома ҚҚС-сыз форматта ұсынылуы тиіс.

Конкурс жеңімпазымен шартқа қол қойған кезде жалдау ақысы мөлшерлемесінің сомасына ҚҚС есептелеетін болады.

9. Жалдау төлемінің мерзімділігі.

Жалға алушы жалдау ақысының сомасын Жалға берушіден төлем шотын алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде 100% мөлшерінде алдын ала төлем тәртібімен ай сайын төлейді.

Объектілерді жалдаудың бірінші айы үшін Жылжымайтын мүлікті жалдау Шарты бойынша жалдау ақысын төлеу Тараптар Объектілерді қабылдау-беру актісіне қол қойған күннен бастап күнтізбелік ай ішінде жүзеге асырылады.

10. Конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптар:

Жалпы талаптар:

1. Құқық қабілеттілігіне ие болу (құрылтай құжаттарының нотариалдық қуәландырылған көшірмелерін ұсыну – жарғы, бірінші басшыға бүйрек, тіркелген заңды тұлға туралы анықтама, қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлік (бар болса), конкурстық өтінімге конкурсқа қатысушының өкілі қол қойған жағдайда сенімхат).

2. Компанияның қызметі заңды тұлға тіркелген сәттен бастап кемінде 1 жыл болуы тиіс.

3. Компанияда салық берешегінің болмауы (конкурстық өтінімді қабылдау күнінің алдындағы 3 жұмыс күнінен ерте болмайтын уақытта берілген салық берешегінің жоқтығы туралы анықтама).

4. Компания банкроттық не тарату рәсіміне жатпау, оның мүлкіне тыйым салынбауы, оның қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтатылмауы тиіс (конкурсқа қатысушының кепілдік-хаты).

5. Компания мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде болмауы тиіс (Комиссия тексереді).

6. Компания борышкерлердің бірыңғай тізілімінде болмауы тиіс (Комиссия тексереді).

Арнайы талап:

1) Конкурсқа қатысушы Объектіні қабылдау-тапсыру актісі бойынша Жалға берушіден Объектіні алған сәттен бастап 6 ай ішінде төмендегідей техникалық мүмкіндіктері бар (олармен шектелмей) автоматтандырылған бағдарламалық-аппараттық кешендерді орнату міндеттемесін қабылдайды:

- МТНБ тану (мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі) және тұрақ аймағына кіруді бақылау (ақ және қара тізімдер);

- тұрақ жабдығы мыналарды қамтуы тиіс (олармен шектелмей): шлагбаумдар жиынтығы, кіру станциясы, шығу станциясы, тұрақ жабдығының жұмысына арналған бағдарламалық қамтамасыз ету, қажет болған жағдайда POS жүйесі бар төлем терминалы, қажетті басқару блоктары мен жиынтықтауыштары, автоматты қақпадағы фотоэлементтер, МТНБ тану жүйесі, диспетчермен байланыс жүйесі (операторды штаттан тыс жағдайлар туралы хабардар ету модуль);

- тұрақ жабдықтары мен оның бағдарламалық жасақтамасы өндіруші тарапынан ашық, сондай-ақ барлық жалға алынған Объектілер үшін бірдей (бірыңғай) болы және Жалға берушінің жүйелері мен сайттарына интеграциялану мүмкіндігі болуы тиіс;

- есептерді жүктеп алу және талап ету бойынша жүйені Жалға берушінің платформасымен интеграциялау мүмкіндігімен статистикалық және өзге де есептерді алу үшін Жалға берушінің уәкілетті өкілдері (қызметкерлері) үшін есептік жазбалардың болуы;

- Жалға берушінің талабы бойынша ақпараттық жүйеде тарифтерді өзгерту және көрсету мүмкіндігі (сағаттық, күн, түн, резерві/кестесі бар абонемент, аймақтар бойынша көп тарифтілік, айыппұлдар, женілдіктер жүйесі және т.б.);

- сақтау мерзімі кемінде 1 (бір) ай болатын бейне файлдарды көру және жазу үшін Жалға берушіге рұқсат бере отырып, әрбір паркингте жеке бейнебақылау жүйелерінің болуы;

Жалға алушы автоматтандырылған бағдарламалық-аппараттық кешендерді орнатқаннан кейін Жалға берушімен жылжымайтын мүлікті жалға беру (жалдау) шартының ажырамас бөлігі болып табылатын Жабдықты орнату және іске қосу актісіне қол қоюға міндетті.

2) Жылжымайтын мүлікті жалдау шартының қолданылуы кез келген негіз бойынша тоқтатылған жағдайда, Мүлікті иелену және пайдалану (жалдау) кезінде Жалға алушы жүргізген не орнатқан барлық жақсартуларға меншік құқығы (оның ішінде бағдарламалық-аппараттық кешендерге, олардың жиынтықтауыштарына, шығыс материалдарына меншік құқығы, бағдарламалық қамтамасыз етуге, ақпараттық жүйелерге және т.б. айрықша құқықтар) Жалға берушіге өтеді.

3) Жалға алушы Жылжымайтын мүлікті жалдау шартына қол қойылған күннен бастап және 5 жұмыс күні ішінде Жалдау шартының орындалуын қамтамасыз ету және Жалға алушы келтірген материалдық залалды өтеу ретінде бір айлық жалдау ақысы мөлшерінде кепілдемелік ақшалай жарна (депозит) енгізуге міндетті.

Жалға берушінің кепілдемелік ақшалай жарнаны (депозитті) қайтаруы Жалға алушы Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындаған және Жалға беруші тарапынан ескертулер болмаған жағдайда Шарт бұзылған кезден бастап 30 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

4) Жалға алушы Жылжымайтын мүлікті жалға беру (жалдау) шартында көзделген жабдықты орнату мерзімін бұзған жағдайда, Жалға алушы Жалға берушіге негізгі ай сайынғы жалдау төлемінен басқа, бір айлық жалдау ақысы мөлшерінде айыппұл төлейді. Мерзім қайталанған және одан кейінгі әрбір бұзылған кезде айыппұл мөлшері екі есе артады. (мерзімі өткізілген бірінші айда – бір айлық жалдау ақысы мөлшерінде. мерзімі өткізілген екінші айда – екі айлық жалдау ақысы мөлшерінде, мерзімі өткізілген үшінші айда – төрт айлық жалдау ақысы мөлшерінде және өсім бойынша).

5) Жалға алушы Жылжымайтын мүлікті жалға беру (жалдау) шартын жасасқан сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде талап ету құқығын (цессияны) басқаға беру туралы шарт жасасу және Жалға беруші тұрақ орындарын жалға алушылармен жасасқан қолданыстағы жалдау шарттарының талаптарын олардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өзгертуеу міндеттемесін қабылдайды.

Қазақстан Республикасының резиденті емес Конкурсқа қатысушы оның жалпы және арнайы талаптарға сәйкестігін раставу үшін Қазақстан Республикасының резиденттері ұсынатын құжаттарды ұсынады.

Конкурсқа қатысушы ұсынылған мәліметтердің дұрыстығына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

11. Конкурс объектілерімен танысу мекенжайлары, мерзімдері және шарттары

Конкурсқа қатысушының интернет-ресурста конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған сәттен бастап конкурсты ұйымдастырушының уәкілетті өкілінің қатысуымен күн сайын дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9:00-ден 16:00-ге дейін объектілерді қарауға және танысуға құқығы бар.

Объектілермен танысады конкурсқа қатысушылардың өтінімдері салынған конверттерді ашқанға дейін 3 тәуліктен кешіктірмей конкурстық комиссияның хатшысына жүгіну арқылы жүзеге асыруға болады.

12. Жалға берушінің байланыс телефоны:

Конкурстық комиссияның хатшысы – Темірханова Г.Т.

Тел.: +7 7172 577 177 (ішкі н. 140).

Ұялы тел: +7 707 499 98 97

Электрондық пошта мекенжайы: G.Temirkhanova@cts.gov.kz

«City Transportation Systems» ЖШС
жылжымайтын мүлкін
мұліктік жалға (жалдауға) беру
жөніндегі
Конкурстық құжаттамаға
№1 қосымша

Объектілер туралы ақпарат

1. Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Достық көшесі, 13-үй мекенжайы бойынша тұрақ орындары.

p/c №	Мәліметтер	
1	Атауы	тұрақ орындары
2	Қысқаша сипаттамасы (саны, өлшем бірлігі)	313 тұрақ орны, 1 деңгейлі паркинг
3	Орналасқан орны	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Достық көшесі, 13-үй
4	Нысаналы мақсаты	Ақылы негізде автомобилдерді тұраққа қою (тұрақ)
5	мұліктік жалға (жалдауға) беру мерзімі	11 ай
6	Күрылымның сипаттамалары:	
	күрылыш типі (кенсе, өндірістік, қойма, гараж, қазандық, спорт ғимараттары (стадиондар, спорт залдары, спорт алаңдары) және өзге де ғимараттар (күрылыштар);	паркинг
	тұрғын емес үй-жайдың түрі (жеке тұрған күрылыш, кіріктірілген-жанастыра салынған бөлігі, астыңғы (жартылай жертөле) бөлігі, жертөле бөлігі, басқасы (шатыр, шатыр асты, тамбур, мансарда, лоджия, ашық спорттық құрылыштар және басқасы);	Тұрғын үй кешенінің жанындағы жеке ғимарат
	Інженерлік-техникалық құрылғылардың болуы немесе болмауы туралы (электр энергиясы, көріз, сумен жабдықтау, жылдыту)	Электр энергиясы, нөсер көрізі, сумен жабдықтау, орталық көріз бар

2. Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Р. Қошқарбаев даңғылы, 60-үй мекенжайы бойынша тұрақ орындары.

p/c №	Мәліметтер	
1	Атауы	Тұрақ орындары
2	Қысқаша сипаттамасы (саны, өлшем бірлігі)	125 тұрақ орны, 1 деңгейлі паркинг
3	Орналасқан орны	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Р. Қошқарбаев даңғылы, 60
4	Нысаналы мақсаты	Ақылы негізде автомобильдерді тұраққа қою (тұрақ)
5	мұліктік жалға (жалдауға) беру мерзімі	11 ай
6	Құрылымның сипаттамалары:	
	құрылыш типі (кеңсе, өндірістік, қойма, гараж, қазандық, спорт ғимараттары (стадиондар, спорт залдары, спорт аландары) және өзге де ғимараттар (құрылыштар);	Паркинг
	тұрғын емес үй-жайдың түрі (жеке тұрған құрылыш, кіріктірілген-жанастыра салынған бөлігі, астыңғы (жартылай жертөле) бөлігі, жертөле бөлігі, басқасы (шатыр, шатыр асты, тамбур, мансарда, лоджия, ашық спорттық құрылыштар және басқасы);	Көп пәтерлі тұрғын үйге кіріктірілген тұрақ
	Инженерлік-техникалық құрылғылардың болуы немесе болмауы туралы (электр энергиясы, көріз, сумен жабдықтау, жылыту)	Электр энергиясы, нөсер көрізі, сумен жабдықтау, орталық көріз бар

3. Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Р. Қошқарбаев даңғылы, 43-үй мекенжайы бойынша тұрақ орындары.

p/c №	Мәліметтер	
1	Атауы	Тұрақ орындары
2	Қысқаша сипаттамасы (саны, өлшем бірлігі)	51 тұрақ орны, 2 деңгейлі паркинг
3	Орналасқан орны	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Р. Қошқарбаев даңғылы, 43
4	Нысаналы мақсаты	Ақылы негізде автомобильдерді тұраққа қою (тұрақ)
5	мұліктік жалға (жалдауға) беру мерзімі	11 ай
6	Құрылымның сипаттамалары:	
	құрылыш типі (кеңсе, өндірістік, қойма, гараж, қазандық, спорт ғимараттары (стадиондар, спорт залдары, спорт аландары) және өзге де ғимараттар (құрылыштар);	Паркинг
	тұрғын емес үй-жайдың түрі (жеке тұрған құрылыш, кіріктірілген-жанастыра салынған бөлігі, астыңғы (жартылай жертөле) бөлігі, жертөле бөлігі, басқасы (шатыр, шатыр асты, тамбур, мансарда, лоджия, ашық спорттық құрылыштар және басқасы);	Көп пәтерлі тұрғын үйге кіріктірілген тұрақ
	Инженерлік-техникалық құрылғылардың болуы немесе болмауы туралы (электр энергиясы, кәріз, сумен жабдықтау, жылыту)	Электр энергиясы, нөсер кәрізі, сумен жабдықтау, орталық кәріз бар

4. Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, 2В мекенжайы бойынша тұрақ орындары.

p/c №	Мәліметтер	
1	Атауы	Тұрақ орындары
2	Қысқаша сипаттамасы (саны, өлшем бірлігі)	143 тұрақ орны, 2 деңгейлі паркинг
3	Орналасқан орны	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Ш. Құдайбердіұлы, 2 В даңғылы, 60
4	Нысаналы мақсаты	Ақылы негізде автомобильдерді тұраққа қою (тұрақ)
5	мұліктік жалға (жалдауға) беру мерзімі	11 ай
6	Құрылымның сипаттамалары:	
	құрылыш типі (кеңсе, өндірістік, қойма, гараж, қазандық, спорт ғимараттары (стадиондар, спорт залдары, спорт аландары) және өзге де ғимараттар (құрылыштар);	Паркинг
	тұрғын емес үй-жайдың түрі (жеке тұрған құрылыш, кіріктірілген-жанастыра салынған бөлігі, астыңғы (жартылай жертөле) бөлігі, жертөле бөлігі, басқасы (шатыр, шатыр асты, тамбур, мансарда, лоджия, ашық спорттық құрылыштар және басқасы);	Көп пәтерлі тұрғын үйге кіріктірілген тұрақ
	Инженерлік-техникалық құрылғылардың болуы немесе болмауы туралы (электр энергиясы, көріз, сумен жабдықтау, жылыту)	Электр энергиясы, нөсер көрізі, сумен жабдықтау, орталық көріз бар

«City Transportation Systems» ЖШС
жылжымайтын мүлкін
мұліктік жалға (жалдауға) беру
жөніндегі
Конкурстық құжаттамаға
№ 2 қосымша

Нысан

**«City Transportation Systems» ЖШС
жылжымайтын мүлкін мұліктік жалға (жалдауға) беру
жөніндегі конкурсқа қатысуға арналған
ӨТІНІМ**

1. «City Transportation Systems» ЖШС жылжымайтын мүлкін мұліктік жалға (жалдауға) беру туралы жарияланған хабарландыруды қарап және «City Transportation Systems» ЖШС жылжымайтын мүлкін мұліктік жалға (жалдауға) беру қафидаларымен, конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптармен, жылжымайтын мүлікті жалдаудың үлгілік шартымен танысып,

(занды тұлғаның атауы және занды тұлға басшысының немесе сенімхат негізінде әрекет ететін өкілінің тегі, аты, экесінің аты (бар болса)) 2023 жылғы «28» тамызда өтетін конкурсқа қатысуға ниет білдіреді.

2. Конкурсқа қатысуға өтінім берілген мұліктік жалға беру (жалдау) объектісі (объектілері) туралы мәліметтер:

p/c №	Мұліктік жалға беру (жалдау) объектілерінің атауы	Тұрақ орындарының саны
1	Достық көшесі, 13 мекенжайындағы паркинг	313
2	Р. Қошқарбаев даңғылы, 60 мекенжайындағы паркинг	125
3	Р. Қошқарбаев даңғылы, 43 мекенжайындағы паркинг	51
4	Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, 2В Р. мекенжайындағы паркинг.	143
Барлық тұрақ орны		632

3. Лот үшін ұсынылатын баға

4. Осы өтінім жылжымайтын мүлікті жалға беру (жалдау) шарты жасалғанға дейін қолданыста болатын объектіні (объектілерді) жалға беру (жалдау) ниетін білдіру күшіне ие.

5. Өзім (өзіміз) туралы мәліметтерді ұсынамын (ұсынамыз):

Атауы _____

БСН _____

басшының тегі, аты, экесінің аты (бар болса) _____

Мекенжайы:_____

Телефон (факс) нөмірі:_____

Банктік деректемелері

ЖСК _____

БСК _____

Банк атауы _____

Кбे _____

Өтінімге қоса беріледі:

1) _____

2) _____

3) _____

(занды тұлға басшысының немесе сенімхат негізінде әрекет ететін өкілінің
қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

20 ___ жылғы «___» _____.

